

П И О Н Е Р



МАЙ

1955 ЖЫЛ

№ 5

АЛМАТЫ


Бөбек ойы

Қырандарды аттандырып тұр халық,
Жатыр жақсы, асқақ әндер шырқалып,
Қуаныштан жастар билей береді,
Тыңда өсетін мол егіндей ырғалып.

Поезд жүрді... ұзап кетті қарасы.
Толик сонда тұртіп қалды мамасын:
— Өскенімде барам ба деп ойлап ем,
Тыңнан түк те қалмайды ғой шамасы!

Зұлқарнай Сақиев

Нукус қаласы.
Қарақалпақ АССР-ы.





Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол!

ПИОНЕР

№ 5


МАЙ

1955 жыл

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.



Көктем лебі

Д.м. Снегин.

Асқар Алтай мен әсем Алатау шыңдарындағы күртік ақ қар әлі тебіренбестен жатыр. Оның қарлы асуларынан, нақ қыстың қақаған суық айы — декабрь айындағыдай-ақ, шаңғымен зулатып жорықта жүрген физкультурашыларды кездестіруге болады. Әйтсе де, күн мұнда да аспандата тым жоғарылап кеткен. Ол аспаннан тік түскен алтын шұғыласымен тебіренбестен жатқан қарды сылқылдата босатып еріте бастаған. Жылт-жылт сынапша құйылған мөлдір тамшы моншақтар ұласа кеп жық-

пылдарға құяды. Әр жықпылдан өзектеліп аққан тарам-тарам қар суы телегей теңіз боп байтақ далаға жайылады.

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының ұлан-байтақ даласына көктем осылайша келді. Оның келуін қыйқулаған құстар мен жас натуралистерді көктемнің алғашқы жыйынына шақырған пионер горнының дабылы хабарлады. Сонымен Бірінші Майдың алқызыл туын желбірете жоғары ұстап көктем солтүстіктен суыт оңтүстікке тартты. Ол республиканың солтүстік

183819

облыстарының жерін қалың қардан арылтып күздік егіннің балауса көк құлтесімен торлады. Оңтүстіктерілер де жылт етіп көктем келісімен егін думанын қыздырды, мұндағы колхоздардың жеміс бақтары шешек атып түрлі-түсті гүлдерден хош иісі аңқыды.

Көктем... Жайнаған мәңгі жас, еңбек сүйгіш, әрқашан алға ұмтылғыш тамаша ғой біздің Отан көктемі! Совет адамдары: Қазақстанның шығысында — кеншілер мен орманшылар, орталығында — шахтерлер мен болат қорытушылар, оңтүстігінде — қорғасыншылар мен машина құрылысшылары және бүкіл қазақ даласында жігерлене еңбек етуші социалистік ауыл шаруашылығының даңқты ерлері, темір және су жолдарының еңбек сүйгіш жұмысшылары көктемді жаңа табыстармен қарсы алады.

Быйылғы көктемді тың және тыңайған жерлердегі саран табиғатты өзіне бағындырушы еңбекшілер асқан қуанышпен қарсы алды. Батыр совет халқының еңбегімен бұл далада жыртылған егіндік жердің ұшықыйыры жоқ. Сүйікті біздің Коммунистік партия халықтың әл-ауқатын үнемі жақсарта беруге қамқорлық жасап тың жерлерді игерудің ұлы программасын белгіледі. Партияның шақыруы бойынша былтырғы көктемде Қазақстанның ұлан-байтақ даласына совет елінің бұрыш-бұрышынан жас патриоттар лек-легімен келе бастады. Олар 93 астық совхозын ұйымдастырды, 8 миллион гектар жер жырты. Бұл — өте күрделі жұмыс. Егер сол жыртылған жерге көз жіберіп қарасаңыз, ол бір шалқып жатқан мұхит.

Осы дала мұхитында жаңа совхоздардың орталықтары салына бастады. Олардың әрқайсысы жаңа сәнді қала бейнесін көрсетеді. Бұл қалаларда барлығын жасап жатқан жаңадан келген патриоттардың өздері. Көңірсіген пәтер үйлер, әсем асханалар, зәулім клубтар, терезесі кең ауруханалар — міне, осылардың барлығы тың жерді игеруге келгендер жаңадан салған құрылыстар. Далада өскен жаңа қалалардың бір өзгешелігі — олардың әрқайсысында тау-тау астық сақталатын қоймалар мен жабық қырман-дар бар.


Жаңадан мекендеушілер астық совхоздарының жас азаматтары — мектеп оқушылары мен пионерлерді де ұмытқан жоқ. Олар жас жеткіншектерге арнап кластары жарық, кең зәулім мектептер салды. Мектеп-

тердің жақсы, жылы, әдемі болып шығуына құрылысшылар көп шеберліктер көрсетті. Міне, сол үшін де тың жердегі балалар барынша мейлінше жақсы оқуға ұмтылады. Осы мектептерді бітіріп шыққаннан кейін бұл жас буындар бүгін ата-аналар игеріп жатқан тың жерлердегі игі істі дамыта беретін болады. Болашақ көктем міне осы жас буындардікі.

Сол көп совхоздардың бірі — Атбасардың жазық даласына орнаған Киев совхозында былтырғы көктемде бір кішкене, бірақ өте елеулі оқыйға болды. Совхоз дирекциясы мен жұмысшы комитеті озаттарға арналған қызыл байрақты осындағы маңдай алды трактор бригадасына беруге ұйғарды. Пионер галстугіне ұқсаған осы қызыл байрақты даңқты бригадирге екі кішкентай бала — Айгүл мен Витя тапсырды. Еңбек қуанышының салтанатына көгілдір аспаннан көктемнің нұрлы күні де күле қарайды, дала әншісі бұлбұл да тыным таппастан саздата сайрайды. Салтанатқа жыйналғандардың алдында құлашын кең жайып жыртылған мақпал қара тың жатыр. Нешеме жыл тапталып жатқан бұл далаға бүгін жан кіріп тыныс ала бастағанға ұқсайды. Механизаторлар байрақ ұсынған бөпелерді мәпелей көтеріп, маңдай терін сыпыра жүріп жыртылған тыңға қарай тартты. Тракторшылар қыртысы аударылған қара топырақты аттан сайын, жаңа өмірдің ләззатын, үмітін, бейбітшіліктің жемісін бейнелейтін бұл екі сәби тың жердегі тұңғыш көктем жеңісіне қуана-қуана қарап келеді. Құрметке бөленген тракторшылар мен бақытқа бөленген сәбилердің қуанышында шек жоқ. Бұлардың кеудесін көктемнің өкпек желіне тосып жүре бергісі келеді.

Быйыл тыңдағылар көктемді екінші рет қарсы алды. Коммунистік партияның басшылығымен күн шұғылалы біздің республикамыздың далаларында 250 жаңа егін совхоздары ұйымдастырылмақ. Шұрайлы Арқаға көктеммен қол ұстаса жас патриоттардың жаңа отрядтары топ-тобымен келіп жатыр. Олар быйыл жаңадан миллиондаған гектар тың жыртады. Таңдамалы тұқым себілген тың жерден бітік өнім алады.

Тың жерлерде мектеп оқушылары мен пионерлерге де талай-талай қызық істер бар. Бұл жерлерде көп зерттеулер, тәжірибелер жүргізуге болады. Жас натуралистердің, мичуриншілердің, географтардың емінеркін көсіле еңбектенер жері — міне осы. Бо-



лашақ агрономдар мен механизаторлардың тәжірибелерге молығар жері де осы. Шынында жаңадан игеріліп жатқан жерлердегі өсімдіктер мен аюанаттар дүниесін зерттеу, жер қыртысының сапасын білу, онда өсімдіктердің қандай түрлерін өсіру керегін анықтау қандай қызық іс десенші! Еңбек сүйгіш зейінді жастарға тың жерде шұғылданарлық жұмыстың ұшы-қыйыры жоқ.

Әр совхозда парктер өсірілмек, жеміс бағы жасалмақ. Жас мичуриншілер мұнда ағаш отырғызуға, аллеялар жасауға көмектеседі. Бұл оншалық қыйын да іс емес. Балалар бұл жаңа қоныстанған жерде ағаштың қай түрін отырғызуға болатынын, жемістің қандай сорттары қатты суықтарға төзетінін, ерте отырғызылатын өсімдіктерге теплицаны қай жерден салу керегін анықтауға көмектесуге тиіс. Бұл жұмыстарды олар оқытушылардың, агрономдардың басшылығымен жүргізетін болады. Ал парктерде стадиондар немесе спорт алаңдарын құру да керек. Міне осы әрі қызық, әрі пайдалы жұмыстардың жас азаматтарды қызықтыратыны сөзсіз, демек, олар осы жұмыстарға қызу араласуымен тыңды игеруші үлкен адамдарға зор көмек көрсеткен болады.

Бұлай болмауы мүмкін де емес. Біз өзіміздің совет жерін қалтқысыз сүйеге тиіспіз. Өйткені барлық байлық осы жерден шығады. Советтік Отанымыз ең дәулет — мол астықты осы жерден орады. Сондықтан біздің елде көктем лебі ескен мерекені — Бірінші Майды тың жерді ойдағыдай игеру ісімен қарсы алудан ардақты не бар!

Біз шынында да көктемді осылай қарсы аламыз. Совет халқы бйылғы көктемде

баянды бейбітшілік үшін қажырлы күрес жүргізеді, еселеген қарқынмен еңбек етеді. Біздің жаңарған тың жерлерімізде көктемнің майда лебі қуанышқа бөленген совет адамдарын аймалай еседі, оның тұнық аспанында ақ көгаршын — бейбітшілік көгаршыны қалықтайды.


Бейбітшіліктің қас дұшпаны капиталистік елдердің жаңа соғыс өртің тұтандырушылары біздің бейбіт еңбегімізге бүлік салуды, бостандығымызды жоюды ойлайды. Олар соғыс өртің тұтандыруды көздейді, өйткені капиталистер соғыс арқасында олжаға батады. Алайда, жер шарындағы адал ниетті адамдар, совет халқының өнегесі дем берген еңбекшілер бейбітшілікті қорғау күресіне күш тегеурінмен көтерілді. Бұл жігерлі еңбек етуші халық бейбітшілікті сақтайды, соғыс өртің тұтандырушылардың барлық әрекетін талқандайды, атом және сутегі бомбаларын кезенушілердің арам ниетіне жол бермейді.

Біздің батыр халқымыз социалистік Отанымызды берік қамалға айналдырған. Сондықтан да ол империалистердің ешқандай қоқан-лоққысынан сескенбейді.

Біздің Отанның жеңімпаз көктемінің думанын ешкім тоқтата алмайды! Ол көктемсонау тың жерлердің батыр егіншілерін қызыл байрақпен құттықтаған Айгүл мен Витя сыяқты — жас көктем. Жастықты жеңер ешқандай күш жоқ. Игі еңбек пен берік бейбітшілік мәңгі салтанат құратын болашақта сол жастықтікі.

Қош келіпсің біздің өмір көктеміміз!

Қош келіпсің лениншіл жас пионерлердей құлпырған сауық-сайранның мейрамы — Бірінші Май!



Арал теңізінің оңтүстік шығыс жағындағы Амудария мен Сырдария өзендері арасында үлкен қызылқұм даласы бар. Осы құмды даланы зерттеуге былтыр Қазақ ССР Ғылым Академиясының М. Е. Воскобойников бастаған бір топ ғылыми қызметкерлері барған. Ғылыми қызметкерлер құмды аралап жүріп тасқа айналған қалың ағаш қоймасына кезікті. Оқымыстылар мұны зерттеп осы құмды далада әлденеше миллион жыл бұрын қалың орман өскенін анықтады. Зерттеушілер сол тасқа айналған ағаштың бірін ғылым Академиясының геология музейіне әкелді. Оның биіктігі 263 сантиметр, шеңбері 160 сантиметр.

Суретте: Алматыдағы 35-мектептің оқушылары тасқа айналған ағашты қарап тұр. Ортада тұрған музейдің аға ғылыми қызметкері А. Қаримов. Ол балаларға тасқа айналған ағаш туралы түсінік беріп тұр.

Суретті түсірген П. Редько.



ТАЖАЙЫП ҚҰМЫРА

Зейнолла Шүкіров.

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Сартөбенің үстіне жүгіріп шыққан Марат артына бұрылып қарады. Ондағы ойы вожатый көріп қалмады ма екен деген хауіп еді. Ол Болатбектердің ізімен кеткенін басқа балаларға да білдірген жоқ...

Әне, лагерь. Екі этажды жап-жасыл үйлер бір километрдей жерде сәулеттеніп көрініп тұр. Онан әрі спорт алаңы... Өздері күнде шомылатын өзен жағасында балалар көрінеді. Ол маңайда Болатбектер жоқ. Марат ұйықтап жатып, олардың жорыққа шығып кеткенін аңғармай қалыпты...

Ол күнге тағы да қарады. Түс ауып кетіпті. «Қалай да жету керек»,— деген оймен дереу жүгіре жөнелді.

Міне, екінші төбе. Жап-жақын сыяқты көрінсе де, Марат жарты сағаттай жүріп әзер жетті.

Төбенің үстін жапқан жасыл жусан тізеден келеді. Ендіге дем алып тоқтаған Марат артына тағы бір қарады. Лагерь көрінбейді. Ол қолын маңдайына салып алдын ұзақ шолды. Алыста теңіз жарқырайды. Мұнартақан биік тау тұр. Онан берірек құм төбешіктер көзге түседі. Енді не істеу керек? Болатбектер ұзап кеткен болды ғой. Кім біледі, мүмкін, Болатбектер қазір сонау құм төбешіктердің маңайында бара жатқан шығар. Немесе, сол жерде дем алып отыр ма?..

Мараттың сол төбелерге барып қайтқысы

келді. Несіне тартынады, күн болса әлі ерте. Ол, вожатый айтқанындай, жас бала емес қой. Қазір онға шықты...

Ол маңда да жолдастарын көре алмады. Жүре-жүре әбден шаршады...

Айлы түн. Самсаған жұлдыздар. Жол таппай ұзақ адасқан Марат қалың қамыстың шетіне жаңа шықты. Қайдан келіп, қайдан тұрғаны белгісіз. Бір мүлгіген қараңғылық. Бірақ, далаға шыққан соң тынысы сәл кеңейгендей болды. Әйтпесе қамыс ішінде қатты үрейленіп еді...

Айналасында қарауытып бұталар, жыңғылдар көрінеді. Жақындай берсе, шөп сытыр ете қалып, әлдене зыта жөнеледі. Марат селк ете түсіп, айғайлап жіберуге сәлақ қалады. Шегірткенің шырылы естіледі. «Әуп, әуп!»— деп оқтын-оқтын әуілдектің дауысы шығады. Оның денесі түршігіп кетті.

Марат шынымен адасқанын сезді. Енді бір хауіпсіз жер тауып алғысы келді. Бұл маңда биік қарағай, теректер өспейді. Ендеше ең қолайлысы кішкене арал тауып алу ғой. Теңіздің жағаға таяу жерінде кішкене аралдар көп болатын-ды.

Теңізді жағалап біраз жүрген Марат аралшықты шынында да оп-оңай тауып алды. Әне, жағадан қырық-елу метрдей жерде қарауытып бір кішкене арал көрініп тұр. Енді соған жету керек. Мүмкін, су терең

шығар. Бірақ, Марат қорқар емес. Ол үй-ректің өзінен де кем жүзбейді. Ол көйлегін шешті де, басына орады. Сонан соң суға түсті. Бірақ жүзуге тура келмеді. Су қолтығының астынан ғана келді. Салқын су әуелі денесін түршіктірсе де, сәл жүрген соң бойы үйреніп кетті. Бірақ, аралға шыққан соң қатты тоңазып, иегі иегіне тимей, тұлабойы қалтырай бастады.

Жағада қалың салынды бар екен. Марат жұмсақ салындыларды аяғымен, қолымен қопсытып алды да, денесін көме кіріп жата кетті. Шаршағанын да жаңа сезді. Шөгір кірген башбайының ашығаны да басылған сыяқтанды.

Міне, жақсы. Бұл жерге енді қасқыр да, жылан да келе алмайды. Ал, лагерьде не болып жатыр екен? Әрине, балалар костерді қоршап, вожатыйдың әңгімесін тыңдап отырған болар. Айтпақшы, апай бүгін «Сырлы аралды» әңгімелемек еді-ау.

...Болатбектер жорықтан түс қайта оралды. Лагерь маңайында ойнап жүрген балалар алдарынан анадай жүгіріп еді, басқалар соған айналып қалды да, Болатбек рапорт беруге апайға кетті.

Апай оған кабинетінің алдында кездесті. Ол Болатбектің жорық туралы берген рапортын тыңдап болып, оған түсін суыта қарады.

— Сен менің рұқсатымсыз Маратты неге ертіп кеттің?

Болатбек аңырып апайға қарады:

— Апай, түсінбедім.

— Мен Маратты айтып тұрмын!

— Марат бізге ерген жоқ.

Апайдың маңдайынан суық тер бұрқ етіп шыға келді. Осы кезде у-шу боп басқа балалар да жетті.

— Апай, Марат жоқ! Бұларға ермепті!

Бұл жарыса сөйлегендер Сағит пен Ұлтуған еді. Ұлтуғанның жасаураған жанары мөлдірей қалыпты.

— Адасып кеткен ғой,— деді ол.

Апай қатты сасса да, тұжырымы қысқа болды. Қасқыр жемегені, суға кетпегені өзіне аян. Ендеше, адасып кетуі анық. Адасса да осы Болатбектерді іздеймін деп жүріп адасуы мүмкін.

Апай пионерлерді екі топқа бөліп іздеуге аттандырды. Бірінші топты бастаған Болатбектермен Ұлтуған да кетті. Іздеушілердің бағыты Көк шоқы түбегі болды.

Балалар Мараттың ізіне кездейсоқ кездесті. Топ баланың алдында келе жатқан Бо-

латбек түбекке тік тартқан баланың ізін шығарды.

Ізді табандарына салыстырып көрген балалар Маратқа ұйғарды. Сол ізбен 20—30 метрдей жүрген соң Мараттың кепкасына кездесті. Мұны көрген Болатбектің бойы мұздап кетті.

«Бұл қалай?»,— деді ол ішінен,— кепкасын неге тастайды? Әлде, бір нәрседен қашты ма екен? Ізге қарағанда осы арада жүрген сыяқты... Қасқыр болмаса?...»

— Міне,— деді Болатбек артынан жеткен балаларға іші қарамыққа толы кепканы көрсетіп,— лагерьге қарамық теріп апармақ болған. Ал... бірақ... осы арада тұтқұйылдан жүгіріс басталған...

Оның аузы бармай тұрған күдігін Сағит айтты.

— Өзін қасқыр қуаламаса,— деді ол, әлденеге үрейленгендей жан-жағына жалтақтай қарап.

«Қасқыр жедіге» Маратты қыймағандай Ұлтуған жаутаңдап Болатбекке қарады.

— Не деп ұйғаруға да болмайды,— деді Болатбек салмақпен. Бірақ жүзі түнеріп кетті.— Менімше, Марат осы түбекке кіруі анық. Енді солай жүреміз, екінші отряд та сонда болуы керек.

...Болатбектер екінші отрядқа қосылғанда күн батып, ымырт жабылды. Ол отряд қоналқаға тоқтауға ұйғарған екен. Отряд бастығы Мараттың ізін тауға қарай шығарғандарын баяндады.

— Бәрібір таң атпай іздеу пайдасыз,— деді ол,— осы жерде костер жағып, айғайлап белгі берейік.

Екі жағы да осыған тоқтады.

Отряд жыңғылды шоқаттың етегіне— көгалға орналасты. Ересек балалар дауыстап сигнал беруге кетті де, Ұлтуған бастаған майдалары шөпшек жыйнап, костер жағуға кірісті.

Костер лаулап жанды. Қоршай отырған балалар «Лаула, лаула» әнін шырқады. Соған үн қосқандай әлдеқайдан «Марат» деген дауыс келді.

— Марат! — десті бұлар да қосыла шулап.


— Марат! Марат! деген дауыстар барлық жерден де шығып жатты. Бірақ, Марат жауап бермеді...

...Марат оянып оң жағына аунап түскенде бүйірі қатты ауырып кетті. Ол ұйқысын ашып, көзін сығырайтты. Бірақ, қайда жатқанын есіне түсіре алмады. Көзін уқалап

жіберіп еді, жұлдызды аспан көрінді. «Түсім емес пе?» Жоқ, түсі емес. Ол үңгірде жатыр.

Ол көзінен сорғалап бара жатқан жасын жұдырығымен умаштай сол жағына аунап түсті. Әлдене бүйіріне қатты тиіп, ол дереу қарғып тұрды. Бұл не? Қолымен сыйпап көріп еді, тас секілді. Аударып тастамақ боп қозғап еді, мызғый қоймады. Ол әлгі заттың бір жағын кеуленкіреп жіберіп, көтеріп қалып еді, кептеле шықты. Өзі зілдей, іші қуыс секілді. Тастан гөрі тастан істелген затқа көбірек ұқсайды.

Таң атып қалған еді. Үңгірінен тысқа шығып, анықтап қараса, құмыра екен. Бұл



мұнда қайдан келген? Әлде осы арада ел болған ба? Сәл аңырып тұрғаннан кейін Марат бұлаққа беттеді. Құмырасын әбден тазалап жуып, анықтап қарамақ...

Құмыраны тазалап алып, айналдыра қарап, Марат таң-тамаша болды. Шынында, бұл — қызық нәрсе екен. Бүйірінде оюлап салынған өрнегі бар, онда қашып бара жатқан ат, оны құрық ұстап қуып бара жатқан жылқышының суреті. Жылқышы төбесі шошақ тымақ киіпті.

Ол бұл секілді бұйымды өмірі көрмеген еді. Кім біледі, бұл баяғы заман адамдары тұтынған зат шығар? Ол мұғалімінің ал-

ғашқы адамдардың қару-жарақтары мен аспап — саймандары туралы айтқан әңгімесін есіне алды.

Өз қыялының қызығымен алданған Марат қарнының ашқанын да, жалғызсырап жылағанын да ұмытты. Құмырасын қолтығына қысып алып, таудың ұшар басына қарай тартты.

...Ол бір сағаттай жүрген соң таудың төбесіне шықты. Оның батыс жақ беткейі көгал екен. Оңтүстіктен салқын жел еседі. Марат лагерьді іздеп айналасына қарады. Оның адасып жүргені құрылықпен жіп-жіңішке қара жер арқылы жалғасатын түбек екен. Оның алғашқы аңғарғаны сол болды. Айнала — көк теңіз, күн көзіне шағылысып жарқырап жатыр. Әне, алыста лагерьдің ақ шатырлары да көзіне ұшыраса кетті.

— Лагерь! — деді ол қуанғаннан дауыстап жіберіп.

Ол таудың қай жағынан түсуді ойластыра бастады. Бірақ, ойластырып та үлгірген жоқ, тап аяғының астынан шыққандай «Марат!» деген дауыс құлағына сап ете түсті.

— Марат! М-а-р-а-а-т!

— Ау, ау! — деді ол бар даусымен. Жүрегі алып-ұшып төмен қарай жүгірді.

Балалар маз-майрам болып Маратты қоршап алды.

— Марат, айтшы, кепкамды неге тастап кеттің?

— Неге жүгірдің?

Осындай сұрақтар жауып кетті.

— Білесіңдер ме, мен көжек құдым. Сөйтіп жүріп кепкамды жоғалтқан болатымын.

Енді балалар Мараттың арқасындағы затты қызықтай бастады. Марат алып жүруге жеңіл болсын деп, құмырасын көйлегіне салып арқалап алып еді.

— Марат, бұл не, ә?

Марат әңгімесін ұзақ айтты.

Құмыра шынында да, бағалы зат болып шықты. Вожатый құмыраға байланысты ертеде осы арада өмір сүрген халықтар туралы көптеген тарихи әңгіме айтып берді. Ал, құмыраны тарих ғылымы үшін зор табыс деп атады. Демек, құмыраның тарихи мәні болғаны ғой. Апай оны облыстық тарих музейіне жібермек...

Әйтсе де Мараттың өз бетімен кетіп қалғаны үлкен ұят болды. Әкелген бағалы заты үшін апай оны мақтаса да, мына ісін тәртіпсіздік деп бағалады...

Москва университетіне 200 жыл



Мандайында «Киев вокзалы — Ленин таулары» деген ірі жазуы бар шағын автобус Москваның шығыс жағын бетке алып оқтай түзу тас жолмен ағып келеді. Машинаның ішінде қолдарына кітап, сумка, портфель ұстаған әңкей жастар. Олар өзара профессорлардың бүгінгі оқыған лекцияларын қызу әңгіме етіп келеді. Автобустың кейінгі орындықтарының бірінде екі қазақ жігіті орналасыпты. Олар әңгімелесіп отырған студенттердің сөздеріне онша құлақ аспай, машинаның терезесінен жолдың екі жағындағы көркем көріністерге тандана, ерекше бір қуаныш сезіммен қарайды.

— Әлі есімде, 1949 жылы біздер университет құрылысшыларына көмекке келдік. Сонда мына қою орманның арасында шатыр тігіп жатып едік. Содан бері міне алты жыл өтті,— деді аласа бойлы, төртбақ келген жігіт қасындағы жолдасына.

— Сол жылы біздің заң факультетінің студенттері де университет үйінің бірінші кірпішін қалауға қатынасып еді. Біз де осы жерде шатыр тігіп бірнеше күн жатқанбыз,— деді екіншісі тас жолдың екі жағындағы қою орманға алма кезек қарап.

— Соңғы тоқтайтын жер, балалар! — деп кондуктор дауыстағанда бұл екеуі машинадан өзгелерден бұрын шықты. Бұлар университеттің сәулетті биік үйлеріне тамашалап көшеде біраз уақыт тұрды. Өткен бір қызығы мен қуанышы мол күндер естеріне түсіп тұрған сыяқты олардың.

Бұлар Москва университетін бұдан бес жыл бұрын бітіріп, қазір қызмет бабымен Москваға қайта оралған Бақтажар Мекишев пен Сұлтан Досымбеков еді. Олар бүгін поездан түсе сала сүйікті университеттің бүкіл жер жүзіне атағы жайылған жаңа үйін көруге келген...

Москва университетінің ашылғанына 200 жыл толды. Өзінің екі ғасырлық өмірінің ішінде ол озат орыс ойының орталығы болды. Сондықтан, орыс қауымының даму тарихы Москва университетінің тарихымен тығыз байланысты.

Москва университеті орыстың атақты ғалымы М. В. Ломоносовтың сенатқа ұсынған жобасының негізінде 1755 жылы 7 майда ашылды. Москва университеті алғашқы кездерде ақсүйектердің балаларына білім беруді мақсат еткен оқу орны болды. Патшаның жарлығы бойынша университетке жалшы балаларын алуға біржолата тыйым салынды. Осыған байланысты университетте лекциялар орыс тілінде оқылмай латын, француз тілдерінде оқылды. Ломоносов бастаған алдыңғы қатарлы орыс профессорларының талабы бойынша тек XVII ғасырдың алпысыншы жылдарында ғана бірқатар сабақтардан лекция орыс тілінде оқыла бастады.

Россияда білім таратуда 1756 жылы ашылған университет баспасы елеулі роль атқарды. Онда орыс ақындары Сумароковтың, Херасковтың, Карамзиннің шығармалары басылды. Жер жүзіне атақтары шыққан Батыс Европа классиктері Мольердің, Шекспирдің, Лессингтің шығармалары Россияда бірінші рет осында басылып шықты. Орыстың ұлы ағартушысы, үлкен ой иесі Н. И. Новиков өзінің журналистік қызметін осы баспаның қабырғасында бастады.

XIX ғасырдың бас кезі Москва университетінің тарихында ерекше бір елеулі кезең болды. Студенттер арасында революциялық лепке толы Рылеевтің «Замандасқа», «Еркіндік туралы одасы», А. Пушкиннің бостандықты аңсап жазған бірқатар отты өлеңдері кеңінен тарай бастады. Орыс халқы бұл кезде өзінің күш-қуатын, арман-тілегін бұғауда ұстаған крепостнойлық құрылысқа наразылық білдіре бастаған еді. Халықтың патша өкіметіне деген наразылығы университет студенттері арасында да қанат жая бастады. Университетте бірнеше жасырын

үйірмелер құрылды. Онда жастар өз халқының алдында тұрған күрделі мәселелерді қызу талқылады.

1812 жылғы Отан соғысы кезінде Москва университеті көп шығынға ұшырады. Москваны басып алған француз солдаттары университеттің үйін өртеп, оның бағалы заттарын талан-таражға түсірді.

Александр I буржуазиялық Францияны жеңгеннен кейін Россиядағы «еркіндікке талпынудың» көріністерін жоюға барлық күшін салды, университетті түрлі тыңшылармен толтырып, студенттердің әрбір басқан адымына қадағалап қарауды өзінің жөндеттеріне мықтап тапсырды.

Өткен ғасырдың 30 жылдарында Москва университетінің атағын өзінің студенттері шығарды. Ол кезде университетте орыстың болашақ ақын-жазушылары: Лермонтов, Герцен, Огарев, Конст. Аксаков, Тургенев, Гончаров, Станкевич, Белинскийлер оқыды. Бұлар, Герценнің айтуы бойынша, сол кездегі Россия жастарының қаймағы еді. Олар Батыс Европада сол кезде болып жатқан елеулі өзгерістерді, революциялық оқыйғаларды айрықша зер салып бақылады. Лермонтов, Герцен сол кездегі Бельгияда, Польшада болған революцияларды қуанышпен құттықтады. Герцен: «Революцияның біздің үйдің табалдырығынан аттап келіп кіруіне жақын қалды» — деп жазды. Орыстың алдыңғы қатарлы жастары қатынасқан Станкевичтің үйірмесі дәл осы жылдары Москва университетінде ұйымдасты. Бұл үйірмеге орыстың болашақ ұлы сыншысы Белинский қатысты. Осы кездерде Москва университеті патша үкіметіне қарсы бағытталған саяси ұйымдардың ұясы болды.

Патша үкіметінің Қырым соғысында күйреп жеңілуі халықтың наразылығын бұрынғыдан да бетер өршіте түсті. Москва университеті бұл кезде Россия өмірінде болып жатқан ұлы оқыйғаларға белсене қатысты.

XIX ғасырдың аяқ шенінде Москва университетінде жер жүзіне өзінің ғылыми еңбектерімен атағы жайылған Сеченов пен Тимирязев лекция оқыды. Бұл кезде орыс университеті шын мағнасындағы материалистік ғылымның орталығы болды. Студенттер Москвадағы және Россияның басқа қалаларындағы революциялық оқыйғаларды жіті бақылап, кейде тіпті патша үкіметіне деген наразылығын ашықтан-ашық білдіріп отырды. Студенттер университетте марксистік үйірмелер ұйымдастырып, онда Маркстің, Энгельстің, Плехановтың еңбектерін оқумен шұғылданды. 1893 жылы Москва университетінің студенттері Винокуров пен Мицкевич Москвада бірінші марксистік үйірме ұйымдастырып, жұмысшылар арасында революциялық идеяларды таратты.

Бірінші орыс революциясы кезінде де Москва университеті халықтың революциялық сана-сезімін тәрбиелеуде үлкен роль атқарды. Оның тәрбиелеп шығарған адамдары революцияға тікелей қатынасты, жұмысшылар арасында марксизм идеяларын кеңінен насихаттады.

Совет үкіметі орнағаннан кейін Москва университеті қайта жасап, шын мағнасындағы халықтық университетке айналды. Революция азат еткен еңбекші елдің жастарына есігін кең ашты. Партия мен Совет үкіметінің көрсеткен қамқорлығы арқасында Москва университеті Одақтық ғылым орталығына айналды, онда студенттер саны көбейіп, ғыл-



Москва университетінің Моховая көшесіндегі үйі.

ми жұмыстардың сапасы жақсара бастады. Өзінің ғылыми жұмыстарын социалистік шаруашылықтың мүддесіне сай құрып, университет Отанымызбен, елімізбен бірге өсті. Университеттің соңғы отыз жыл ішінде тәрбиелеп шығарған кадрлары сан жағынан алып қарағанда революциядан бұрынғы 170 жыл ішінде тәрбиелеп шығарған кадр сапынан әлдеқайда асып түседі. Бұл — университеттің совет дәуірінде өркендеп өскенін көрсетеді. Совет үкіметі тұсында Москва университетінің «Чапаев», «Бүліншілік» деген тамаша романдардың авторы Фурманов, атақты совет ақыны Твордовский, ССРО Ғылым Академиясының президенті академик Несмеянов, МГУ-дың осы күнгі ректоры академик Петровский тағы басқа ондаған академиктер, жүздеген профессорлар, көптеген қоғам қайраткерлері мен жазушылар бітіріп шықты. Москва университетін бітіріп шыққан адамдардың бірқатары қазір институттарда, университеттерде сабақ береді, одақтас республикалар ғылым академияларында жұмыс істейді.

Үкімет пен партия Москва университетінің Отан алдында сіңірген елеулі еңбегін жоғары бағалап, 1940 жылы 185 жылдық юбилейіне байланысты, оны Ленин орденімен наградтады.

Москва университеті — шын мағнасындағы халықтық университет, интернационалдық оқу орны. Қазір онда алпыстан астам ұлттың жастары оқиды. Университетте туысқан совет халықтарының жас өкілдерімен бірге қытай, корей, чех, словак, румын, неміс, венгер, поляк, албан, монгол тағы басқа ұлттардың азаматтары білім алады. Москва



В. М. Ломоносов атындағы Москва университетінің жаңа үйі.

университетін бітірген жастарды Совет Одағының кез келген жерінен кездестіруге болады. Университетте өзінің ғылыми еңбектерімен жер жүзіне атағы жайылған көрнекті ғалымдар сабақ береді. Академиктер: Скобылцин, Несмеянов, Петровский, Виноградов, тағы басқалар Москва университетінде лекция оқиды. Өздеріне жақсы таныс орта мектепке арналған оқулықтар авторларының көбісі МГУ-де жұмыс істейді. Олардың бірқатары — көптеген салалық академиялардың мүшесі.

1949 жылы 12 апрель күні Москва-ның сыртындағы Ленин тауларындағы жаңа университет үйінің негізі қаланды. Бұл — Коммунист-

тік партия мен совет үкіметінің ұлы халықтың ұлы университетіне көрсеткен әкелік қамқорлығының айғағы болды. Қазір Москва университетінде оқиды студенттердің жалпы саны 20 мыңнан асады. Олардың ойында бір ғана игі тілек, жалғыз ғана асыл арман бар — ол Отан үшін, туған ел үшін қызмет ету.

Ұлы университеттің есігі барлық жастарға ашық. Талабы мол, білім алуға талпынған жасты ол құшағын жая қарсы алады. Қазір Москва университетінде басқа туысқан халықтардың өкілдерімен бірге қазақ жастары да білім алып жүр. Олардың жалпы саны елуден асады. Қазақ жастарының кейбіреулері университетті бітіріп, оның аспирантурасында оқиды. Май айында ұлы халықтың ұлы университетінің ашылғанына 200 жыл толады. Бұл даңқты юбилейді бүкіл совет халқы зор қуаныш, үлкен сүйіспеншілікпен атап өтеді.

Қ. Нұрмаханов.

ЖҮГЕРІ—ПАЙДАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ДАҚЫЛ

Темір Дарқанбаев.

Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше —
корреспонденті, профессор.

1. Жүгері — дәнді дақыл

Жүгері — дәнді дақыл. Оның пайдасын адам баласы ерте сезген. Мыңдаған жылдар бойы Индияның халықтары және Азияның өзге де халықтары жүгеріні ықыласпен сүйсіне өсіріп келеді. Кейін жүгері Азиядан Америка жерлеріне кең тарады. Еуропа халықтарына жүгері осыдан 450 жыл бұрын мәлім болды. Мұны Қалумба саяқатшылары бірінші рет Куба аралынан кездестіріп, тұқымын Еуропаға әкелді. Еуропада жүгері өсіру ісі міне осы мезгілден басталды. Еуропа халықтары жүгерінің пайдасын тез сезгендіктен ол аз уақыттың ішінде Испания, Италия, Туркия жерлеріне кең тарап, мол өсірілетін болды.

Жүгері Россияға бұдан 150 жыл бұрын әкелінді, алдыңғы кезде ол көбінесе оңтүстіктегі жылы аудандарға себілді де, кейін қанатын жер жерге кең жая бастады. Бұл күні жүгері барлық жерге егіледі, ұлы Отанымызда жүгері өспейтін жер жоқ десек қателеспеген болармыз. Жүгері өсіру жұмысына, әсіресе, осы үстіміздегі жылы көп көңіл аударылып отыр. Олай болуының себебі партия мен үкіметіміздің ауыл шаруашылығын шұғыл көтеру жөніндегі қаулыларын орындау жолында жүгеріні көп егіп жақсы өсірудің үлкен маңызы бар.

Жүгері — мейлінше мол өнім беретін дәнді дақыл. Мысалы егін бітік шыққан жылдары колхозшылар бидай егісінің гектарынан, орта есеппен 15—20 центнер астық алса, осындай әуе райы қолайлы болған жылы жүгері егісінің гектарынан 30—40 центнер дән, яғни екі есе мол өнім алады. Ауыл шаруашылығының озаттары өнімді бұдан да артық алады. Социалистік Еңбек Ері,

Сталиндік сыйлықтың лауреаты М. Озерный жылма-жыл жүгеріден мейлінше мол өнім алумен келеді. Ол әр гектардан 125—223 центнерден кем дән алып көрген емес. Мұншалық дән берген жүгері егісінің әр гектарынан 500—700 центнер сабақпен жапырақ орылады.

Жүгері біздің Қазақстанның барлық аудандарында жақсы өседі. Әсіресе, ол суармалы жерде мол өнім береді. Алматы төңірегіндегі колхоздардың тәжірибесіне қарағанда, жүгерінің әр гектарынан 60—80 центнер өнім алуға болатыны анықталды. Жүгеріден мол өнім алу үшін оның жақсы сорттары таңдап егілуге тиісті. Біздің жағдайда мол өнім беретін сорттар — «Партизанка», Закарпатская және Алматылық — 236. Бұл сорттар колхоз, совхоз даласында сыннан ойдағыдай өтті. Сөйтіп, совет халқының алдына қойылған зор міндет — жыл сайын 10 миллиард пұт астық жыйнау ісін ойдағыдай орындау жолында жүгеріні көп егудің маңызы орасан зор.

2. Жүгері — құнды мал азығы

Жүгері өсірудің қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуге көп пайдасы бар. Жүгері адам үшін де, мал үшін де сапалы азық болып саналады. Оның дәнінде 13 процентке жуық белок, 5—6 проценттей май, 70 процент шамасында крахмал бар. Осы қасиеттері арқасында жүгері дәнді крахмал, кант, май, спирт өндірістеріне шикізат ретінде көп қолданылады.

Жүгерінің сабағы мен жапырағы малға жақсы азық. Мал жүгеріні сүйсініп жейді. Онымен жемделген мал қонын тез жыйнайды, жақсы семіреді және оның сапасы да анағұр-

лым артады. Жүгерінің бұл қасиеттерінің, әсіресе, біздің Қазақстанға маңызы зор, өйткені бізде мал басы жылдан жылға өсе бермек. 1956 жылы Қазақстанда ірі қара мал — 6 миллион, қой, ешкі — 36 миллион, шошқа — бір жарым миллион болмақ. Әрине, осыншама көп малды жақсылап асырап, олардан мол өнім (жүн, ет, сүт) алу үшін бағалы мал азығы — жүгері көп керек болады. Ғалымдардың есебі бойынша жүгері егісінің әрбір гектарынан 30 центнер дән өнімін берген жерден мынадай пайда келеді екен. Егер 30 центнер дәнді сабағымен, жапырағымен қоса сүрлеп, сол азықпен шошқаны, сыйырды, құсты жемдесе, осының есесіне 7,6 центнер шошқа етін, 35 центнер сүт, 40 мың жұмыртқа алынатыны анықталған. Міне, пайда қайда жатыр десеңші!

Жүгерінің мал азықтық қасиеті сұлыдан, қара бидайдан анағұрлым артық. Жүгері — жақсы сүрленетін өсімдік. Сүрленген жүгері өте құнарлы және күшті мал азығы болып саналады. Жүгеріні оның дәні сүттеніп, қамырлана бастағанда сүрлеген жақсы. Бұл мезгілде жүгерінің құрамында қант көп болады, және сүрлегенде тез ашып жоғары сапалы азыққа айналады. Ондай-азық малға жұғымды болады. Жүгері сүрлемінің 100 килограммы азықтық құнарлығы жағынан күнбағыс сүрлемінің 133 килограммына, сәбіз сүрлемінің 157 килограммына, мал азықтық капуста сүрлемінің 178 килограммына, аскабақтың 210 килограммына барабар болады. Міне, осыдан жүгерінің барлық мал азықтық өсімдіктерден артықшылығы байқалады.

Жүгері егу — қоғамдық мал шаруашылығына тұрақты жемшөп базасын жасаудың ең басты шарты.

3. Жүгері өсіруге жігермен кірісейік!

Жүгері жылылықты сүйетін өсімдік. Оның тұқымы тебіндеп көктеуі үшін топырақтың жылуы 8—10 градустан кем болмауы керек. Әсіресе, ол 32—35 градус жылылықта қауырт

өседі. Тым ерте себілген тұқымның салқын топырақта қорғалап өсе алмай шіріп кету немесе шығымын кеміту хаупі болады. Сондықтан, жүгеріні топырақтың жылуына сәйкес, дер мезгілінде егу қажет. Мұнымен қатар топырақта жеткілікті ылғал болуы шарт. Онсыз тұқым құрғақ күйінде өнбей қалуы мүмкін. Ылғалы кем, топырағы құрғақтау аудандарда жүгерінің тұқымы тереңірек (10—13 сантиметр) отырғызылуы тиіс, ал ылғалды немесе суармалы жерлерде одан таяздау (5—6 см.) егуге болады.

Гүлдену және дән сала бастау — жүгерінің өсіп-өну дәуіріндегі ең жауапты кезең. Бұл кезеңде ол ылғалды және басқа қоректік заттарды көп тілейді. Сондықтан, жүгеріден мол дән мен сабақ алу үшін оны дер кезінде қажетті жағдайлармен түгел қамтамасыз ету шараларын ешуақытта естен шығаруға болмайды.

Әдетте, жүгері егу үшін таңдаулы, сапалы жер іріктеліп алынады. Жүгері егілетін жерлер алдын ала жақсылап әзірленуге тиісті. Егетін жерге кезінде тыңайтқыш себу — жүгеріден мол өнім алудың басты шарты. Әрбір гектар жүгеріге, кемінде, 20—30 тонна органикалық, 4—5 тонна минералдық тыңайтқыштар себілуге тиіс. Жүгері тұқымы шаршы ұя әдісімен егіледі. Әрбір ұяға 3—4 тұқым себіледі. Өсімдік топырақ бетіне шығып 4—5 жапырақ бергенде, әрбір ұяда 2 жүгеріден қалдырылып, артығы жұлынып тасталады. Екіден кем жүгері шыққан ұяларға басқа ұядан өсімдік алып отырғызылады. Осы жүргізілген жұмыстың нәтижесінде әрбір гектар жерде 40,8 мың жүгері сабағы өседі.

Жүгеріден мол өнім алу үшін басқа да көптеген шаралар қолданылуға тиісті. Жүгері өсіру арқылы колхоз бен совхоздар екі мақсатқа жетеді, біріншісі — жалпы астық қорын молайтады, екіншісі — берік жемшөп базасын жасау арқылы, мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетеді.



Газет сынынан кейін...



енің жолдасымның аты да Жолдас. Мен оны жақсы көремін. Бұл менің онымен бірге ойнайтындығымнан ғана емес, екеуміздің бір мектепте оқытындығымыздан да болуы мүмкін. Мен оның сабаққа алғырлығын, өжеттігін, зеректігін ұнатам. Әйтсе де, бойына лайықсыз бір мінездері де бар. Мұғалім «кім айтады?» деп бүкіл класқа сұрау бергенде ең алдымен, әдетте, арт жақтағы партада отырған Жолдас қол көтереді. Мұнысы дұрыс-ау. Бірақ, ол мұнымен қанағаттанбайды. «Мен айтамын» деп дауыстап та жібереді. Осынысы маған және менің жолдастарыма ұнамайды-ау тіпті.

Мүмкін, оның осы қылығы өзіне жақсы көрінетін де болар. Әлде өзін басқаларға көрсеткісі келе ме; қалай, ол әйтеуір кейде осы сөздерді төрт-бес рет қайталап, мұғалім назар аудармаса, дауысы да шығып кетеді.

— Қойсаңшы, Жолдас, жай ғана қол көтеріп отыруға болмай ма!

Ол бұған ләм демейді. Бірақ, бір көзін сығырайтып алады да, маңдайына түскен кішкентай ғана кекілін кейін қайырып тастап, әлгі әуеніне тағы да басады. Сонан кейін мұғалімнің рұқсатымен орнынан тұрып: «Екі санның қосындысының квадраты бірінші санның квадратына...» деп тақпақтай жөнеледі.

Мүдірмей айту қандай жақсы. Мұның өзі оқушының алғырлығын, зеректігін көрсетеді. Әттең барлық мәселеге де Жолдас осылай қараса! Ол бүгін физика пәнінен тағы да бестік баға алды. Былтыр ол физиканы онша білмеуші еді, пәннің кейбір тақырыптарын талдап бере алмайтын да. Быйыл бұл пәнді де ойдағыдай меңгеріп келе жатыр. Өзіміздің арамыздағы үздік оқушылардан бір де кем емес. Жуырда Аламесек МТС-іне жасаған экскурсия туралы класс оқушыларының алдында баяндама жасаған да Жолдас болды.

Бүгін ол физикадан бестік алғанымен, ешкіммен сөйлескен де, езу тартып күлген де жоқ. Тек алдына Носовтың «Витя Малеев мектепте және үйде» деген кітабын ашып алып, отырды да қойды. Бұрын бестік алғанда ол бұлай болмайтын. Шексіз қуанатын. Ал бұл жолы сабақ арасындағы үзілісте де ол орнынан қозғалмады, қасына кел-

гендерге «жақындама», «залға шығып ән айтайық» дегендерге «бармаймын» — деп отырып алды. Екінші сабақтан кейінгі үзілісте мен:

— Сенің мұның жарамайды, Жолдас, — дей беріп едім, ол:

— Жолдас боп жүріп сенің мені газетке жаздырғаның жарасып тұрған шығар, — деп тік айтты.

— Шын жолдас осылай істейді.

— Сонда жолдасын масқаралауға тиіс пе? — деп ол қайыра сұрақ қойды.

— Бұл масқаралағандық емес. Жолдас сыяқты оқушылар мұндай тәртіпсіздік істемес болар.

Менің сөзіме балалар ду күліп жіберді де, бәрі Жолдасқа қарады. Осындай дос көздер қадала қарағанда оның кішкентай құлағының ұшы мен торсықтай шекесі қызарып сала берді. Екі беті дуылдай «бұлардың бәрі мені күлкі етіп тұр ғой» деген кісіше орнынан атып тұрып:

— Е, солай дендер, солай де, Төлеп! — деп көз қыйығын тастады маған.

Ол маған ренжи де, кінәлай да қарайды. Өзінің дықшылын, кінәсін мойындағысы келмейді тіпті! Өз басының кемшілігі үшін жолдастарын әлі де жазғырмақ ойы бар. Оның сабақты жақсы оқытынын құптай жүріп, біз тәртібіне назар салмаппыз. Мына ұнамсыз қылығы соның салдары болу керек.

— Жолдас, сен жолдастық дегеннің не екенін әлі түсінбейсің, — деді ортада тұрған Әбдірашит.

— Біздің класта тәртіп бұзушылар болмауы керек. Осыны біліп қой сен, кеше Ағиба апай осылай деген, — деді Сағынтай.

Тұс-тұс жақтан осындай сөздер жауып кетті. Жолдас: «Осылардың бәрі бірнәрсені білетін болар» деп те ойлады ма қайдам, үндемеген күйі партаға сылқ етіп отыра кетті...

* * *



іздің мектебіміз Ворошилов атындағы колхоздың дәл орталығында. Оның жанында МТС, тұтынушылар одағы, почта, клуб, қонақүйі және басқа мекемелер бар. Жазда да, қыста да МТС-тен естіліп жататын тракторлар гүрілі ауыл әлемін өзінше бір еңбек сазына бөлеп тұрғандай.

Қазір олардың алды көктем келісімен егіс даласына сапар шекті. Біз тұратын селонның орталығы Тереңөзектен шығып, Қызылға апаратын жол үстінде. Осының бәрі де бейбіт өмірімізді гүлдендіруге қызмет етеді. Өзіміз туып-өскен колхоздың осындай тамаша өміріне біздің де тез араласқымыз келеді. Сабақтан бос уақытымыздың көбін Шіркейлі өзенінің бойында өткіземіз, ата-аналарымыздың қамысты көптеп дайындап алуына көмектесеміз. Ал олар ше? Олар біз оқыйтын мектепті өздерінің қамқорлығына алған. Осы мектепті салған да, оның іші-сыртын аппақ етіп әктеп, қысқа керекті отынмен жеткілікті түрде қамтамасыз еткен де солар.

Мектеп өзінің әсем көркімен, үлкендігімен селонның басқа үйлері арасынан ерекше көз тартады. Іші қандай десеңізші! Көрікті де әдемі. Ұзынынан ұзақ созылған коридордың қабырғаларына Лениннің, Сталиннің, Калининнің бақытты балалық шақ туралы айтқан өсиеттері үлкен әріптермен жазылып қойылған. Сабақ арасындағы үзілісте бұл жазуларға көз тастап өтпейтін бала кем де кем. Екінші қабырғада «Оқушыларға арналған ереже» тұр. Мұның 20 пунктін әрқайсысы бізді үлкен іске үйретеді. Сенің әрбір класың, әрбір партаң, әрбір бұрышың қымбат та ыстық қой бізге, сүйікті мектеп!

Бірақ, осыны түсінбейтіндер де бар екен. Әне, біреу дәл «Оқушыларға арналған ереже» ілінген қабырғаны шыймайлап, бүлдіріп



Шекарада.

Суретті салған Талдықорған облысы 28-гвардияшылар атындағы аудан, Аралтөбе селосы, Ворошилов атындағы колхоз мектебінің оқушысы Ж. Ұзақбаев.

қойыпты. «Бұл аз» дегендей ертеңінде мектеп үйінің сыртқы қабырғаларына да тап осындай белгілер түсіп қалыпты. Мұндай ұнамсыз әрекеттерді класс бөлмелерінің ішінен де кезіктіріп жүрдік. Тіпті кейбір оқушылар өзі отыратын партасының бетіне бәкімен ойып, атын да жазады-ау. Осыларды жасауға сіңірілген еңбекке қаншама зыян келтірілді? Кім екен бұлай істеп жүрген, ә? Біздің редакция алқасының мүшелерін бұл оқыйға қатты ойландырды. Бұл тек бізді ғана емес, көп оқушыларды ойландырды.

...Газеттің келесі номерін шығармақ боп «Октябрь сәулесінің» жанына ілінген почта жәшігін ашып жібердік. Мұндайда мен де, Әбдірашит пен Сағынтай да, Совет пен Орынкүл де, Қымбат пен Рахима да, тіпті редакция алқасының барлық мүшесі болып жәшік ішіндегі мақалаларды оқуға асығамыз. Қарай бастадық. Біреулер үлгілі оқушыларды, отрядатарында жүзеге асырылып жатқан қызықты істерді жазса, біреулері кемшіліктерді, тәртіп бұзушы оқушыларды сынапты.

— Мынаны қарашы, Төлеп,— деді маған Сағынтай бір мақаланы ұсына беріп.

— Ие, не айтылған екен?

— Оқушы өзің, оқып шық.

Оқып жіберсем, өзіміздің Жолдас туралы мақала екен. «Жолдастың кемшілігі неде?» деген тақырып қойыпты да, оның қыңырлығын, сабақта тыныш отырмайтындығын жазыпты. «Барлық қабырғаларды да бүлдіріп жүрген сол, таяуда өз көзіммен көрдім» депті. Хаттың аяғына «осы мақаламды шығаруларыңды сұраймын» деп жазыпты оқушы тағы да.

Оның тілегі орындалды. «Жолдастың кемшілігі неде?» деген мақала сол қалпында «Октябрь сәулесінің» бесінші номерінде жарияланды.

Оның маған деген іренжісі осы оқыйғадан кейін туып еді.

...Кемшіліктерін мойындады білем, ол отырған орнынан қайтып тұрмады. Қоңырау соғылып, класқа мұғалімамыз да келіп кірді. Ағиба апай келген бойда «Қазір класс жыйналысы болады, «Октябрь сәулесінде» шыққан мақаланы талқылаймыз» деді. Бірақ Жолдас алдындағы кітаптан бас көтермеді.

— Жалғасбаев, оқушылардың алдына кел,— деді мұғаліма жаймен ғана. Ол келген бойда-ақ бірден:

— Ендігәрі мұндай істер жасамаймын,— деді баяу үнмен.

— Сенің тәртіпсіздік істеуіңе не себеп болды? — деп сұрадым мен одан.

— Ешқандай себеп жоқ, білместік істедім,— деді Жолдас тағы да. Ендігәрі ондай жасамауға кластас жолдастарымның алдында уәде беремін...

Мұғалима да, класта отырған отызға тарта оқушылар да оның осы айтқанына сенді.

* * *



онан бері көп уақыт өтті. Бүгін мектеп «Крокодилінің» кезекті номері шықты. Қабырғаға жаңа ғана ілінген газетті балалардың жапырласа қарайтын әдеті емес пе. Олардың бірі газеттің алдыңғы бағаналарына қараса, екіншілері соңғы бағаналарындағы мақалаларға үңіледі. Біреулері өздерінің класын іздесе, біреулері мұнан фамилиясын қарайды. Жаңа ғана ілінген «Крокодилге» көптің бірі боп Жолдас та қарап қалыпты. Оның назарын мына бір сурет аударып кеткен.

Класс есігінің сыртында бір бала тұр. Ол есікті тықылдатып қағады. Айналасында жан жоқ, жалғыз өзі. Тек залдың арғы басына үй сыпырушы әйел келе жатыр. Бәлкім, осы адамның көзіне ол бір бұл емес, әлденеше рет түскен болар. «Күнде-күнде сабақтан неге қаласың?» деп, үй сыпырушы оны ұялтқандай. Тағы тықылдатады. Бірақ, әр жағынан «кір» немесе «кірме» деген ешбір дыбыс естілмейді. Бала есіктің тұтқасын ұстаған күйі еңсесі түсіп тұр.

Осы суреттің аяғындағы:

Бес минуттық үзіліс,
Дем алуға берілген.
«Сабақтан қалып қойдым»,— деп
Шәріп жоқ біздің сезінген.

Бүйте берсен, бауырым,
Ұятқа өзің қаласын.
Бестік баға көш жерден
Көрсетер саған қарасын.

деген сықақты оқыйды да, Жолдас жымыяды. Басын шайқайды. Бұрылып қарай беріп еді, артында Шәріптің өзі де тұр екен. Ол қызарып кеткен. «Дұрыстап оқып алайыншы» дегендей алға қарай ентелей түседі.

Жолдас оған қарады да, шын пейілімен:

— Шәріп, мұның жарамаған екен,— деп жүріп кетті.

Сол күннен бері Жолдас маған бұрынғысынан да ыстық боп кетті. Мен сонан бері оны тек жақсы оқыйтындығы үшін ғана емес, өз кемшілігін батыл ұққаны, саналы, үлгілі тәртібі үшін де жақсы көретін болдым. Қазір ол үздік оқумен бірге, қоғам жұмысына да белсене қатысады. Жуырда балалар Жолдасты «Жас ұлан» қабырға газетінің редакторлығына сайлады.

— Міне, жақсы жолдас,— деймін мен оны қазір.

.. «Октябрь сәулесі» қабырға газетінің бас редакторы Төлеп Мханов газет сынынан кейін болып өткен сол бір жайды бізге осылайша баяндап еді.

Н. Шакеев.

Тереңөзек ауданы (Қызылорда облысы) БЛКЖО-ның 30 жылдығы атындағы мектеп.

ҚҰРДАС

Вагон іші,
Көңілдіміз бәріміз,
Отырғанбыз жасымыз да кәріміз.
Бар әңгіме — тамашасы көрменің,
Әркім өзі айтып жатыр көргенін.
Ортамызда келе жатқан жас бала,
Сүйкімді-ақ үлкендерге, басқаға.
Таныстырып бір қарт кісі баланы,
«Құрдасым» деп, күлімсіреп қарады.
— Қалайша ол сізге құрдас,— дегендей,
Бәріміз де қарап қалдық елеңдей.
— Құрдас...— дейді.
Құрдасы да күледі.

Бәлкім оны тек екеуі біледі.
Қалды бір сәт басқа әңгіме басылып,
Естігіміз келіп отыр асығып.
Қағып қойып жас баланы арқадай,
Баяндады бізге сырын қарт адам:
— Бұл — оқушы,
Қызылшаның маманы,
Көрмеде боп, енді қайтып барады.
Өзі өсіріп мектеп участогінде,
Мол өнімге ие болған бүгінде.
Табысымен теңдес екен сол өнім.
Жараспай ма оны «құрдас» дегенім.

Сағый Жиенбаев.

Қызылорда қаласы.



Заманымыздың аса талантты жазушысы

(М. Шолоховтың туғанына 50 жыл.)

Заманымыздың аса талантты жазушысы Михаил Александрович Шолохов быйыл 50 жасқа толды. Ал, оның есімі бүкіл жер жүзінің алуан тілде сөйлейтін халықтарына танылып үлгерді.

Шолоховтың шынайы таланты мен үлгілі өмірі социалистік қоғамның адам бойындағы дарындылықты тәрбиелеп және жетілдіре түскендігінің айқын бір көрінісі болып саналады.

Өз жерін, өз халқын қалтқысыз сүйген Шолохов 1920 жылы 15 жасында Донды жаулардан азат етуге қатысты. Ескі мен жаңаның арасындағы сұрапыл аяқастар болашақ жазушыны күрестерде шынықтырды, оған өмірлік мәселелерді кеңінен танытты. Кейін ол әртүрлі жұмыстарда болып, жас совет өкіметінің нығая түсуі жолында қызмет етті. Әдебиет майданына Шолохов өзіндік жолы бар өмір тәжірибесі мол, ысылған күйде келді.

«1923 жылдан бастап жазуға кірістім. Жазғандарым комсомол газеттері мен журналдарында жарияланды. 1925 жылы бірінші кітапшам басылып шықты» — дейді ол. «Дон әңгімелері» Шолоховтың талантын оқушы жұртшылыққа бірден танытты. Адамның психологиялық моменттерін ашуда, диалогтар жасауда, табиғат көрінісін суреттеуде жазушының шеберлігі байқалды. Жас автордың тұңғыш жыйнағы көрнекті орыс жазушыларының назарын аударды.

М. Шолоховтың ең күрделі шығармасы — «Тынық Дон». Азамат соғысының эпопеясы деп аталатын бұл үлкен еңбек тек совет әдебиетінің ғана емес, дүние жүзі әдебиетінің аса құнды шығармаларының бірі. «Тынық Дон» романы бағалай келіп,

И. Сталин Шолоховты заманымыздың атақты жазушысы деп атады.

«Тынық Дон» социалистік жаңа қоғамның алғашқы 10 жылдық өмірін қамтыйды. Романның негізгі мәселесі — ескінің қыйрау, жаңаның қалыптасу, даму процесін көрсету. Жазушы Дон казактарының революциядан бұрынғы және кейінгі өмірін суреттей отырып, сол дәуірдегі жалпы тарихи шындықты суреттейді.

Романның басты кейіпкерлерінің бірі — Григорий Мелехов. Ол — еңбекші халықтың нағыз ортасынан шыққан адам, өз халқын беріле сүйеді, оған адал еңбек етуді арман етеді. Мелехов өмірді айрықша қадірлейді. Бұл образ оқушыны әрдайым сүйсіндіріп отырады. Сондықтан да, Мелеховтың ауыр тағдыры оқушыны бірге қынжылтады. Роман оның рухани күйреуімен аяқталады. Азамат соғысының соңғы кезінде Мелехов халықтан қол үзіп, жауларға еріп кетеді. Кейін ол бандалар тобынан да безіп, өзінің туған жеріне оралады. Бірақ бұл оралу өмірге қайта араласу мақсатынан тұмаған, әлсіз, күйреп біткендіктің нәтижесі еді.

Романдағы ең шешуші кейіпкер — халық. Ол қоғамның дамуын белгілейді. Ал, Мелехов қоғамның дамуында көрнекті роль атқара алмайды. Халық жақсы өмір құру туралы арманына жетеді. Революция да, халық та Мелеховқа мұқтаж болмайды.

Жазушы Мелехов образы арқылы халықтан қол үзген таланттың да, дарындылықтың да өз бетінше өрістей алмайтынын дәлелдеді. Шолохов бұл арқылы Горькийдің «Егер тек өзім үшін ғана болсам, мен кімге қажетпін» — деген адамгершілік идеясын дамытты.

Романда әртүрлі топтардың, әртүрлі көзқарастың адамдары суреттеледі. Сондай-ақ жаңа дәуірдің жаңа адамдары да көрсетілген (Штокман, Котляров, Бунчук т. б.)

1932 жылы жарияланған «Көтерілген тың» (I-кітап) романында Шолохов Дон казактарының колхоздасу дәуірін суреттеді.

«Көтерілген тың» жазушының

социалистік өмірдің мәнін терең түсінгендігін байқатады. Ол елімізді коллективтендіру сыяқты ұлы өзгеріске дереу үн қосып, жұртшылыққа социалистік шаруашылықтың артықшылығын бірден-бір дұрыс танытушы болды.

Романның негізгі кейіпкерлерінің бірі — Кондрат Майданников орташа шаруаның өкілі. Жазушы Майданниковтың жеке меншікті шаруашылықтан коллективті шаруашылыққа өз еркімен келу процесін шебер суреттейді. Майданниковтың ой дүниесінде талай ауытқу да, шегіну де болады. Бірақ, ол ұйымдасқан еңбектің жемісін өз көзімен көреді. Ақырында Майданников жұртты коллективтік шаруашылыққа тартудың белсенді үгітшісі болады.

«Көтерілген тыңда» Шолохов коммунистердің образын жақсы жасады. Коммунист — Давыдов ісімен де, сөзімен де, мінезімен де үлгі бола алатын адам. Ол өзінің адалдығын, қарапайымдылығын семьялық өмірінде де, қоғамдық жұмысында да көрсетеді.

Шолохов «Көтерілген тың» романында совет құрылысы жауларының коллективизация кезіндегі жасырын әрекеттерін әшкерелейді. Половцев, Островнов әдебиетімізде өткір бейнеленген ұнамсыз образдар болып сақтала бермек.


«Көтерілген тың» жалпы маңызы жағынан коллективизация дәуірінің эпопеясы болып саналып, совет әдебиетінің асыл қазынасынан орын алды.

Шолохов Ұлы Отан соғысы жылдарында бүкіл совет халқымен бірге неміс фашистеріне қарсы күреске аттанды. Қазір ол Совет Армиясының жеңістерін суреттейтін «Олар Отан үшін күресті» деген роман жазу үстінде.

Сталиндік сыйлықтың лауреаты, академик, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Михаил Александрович Шолохов қазір жазушылық талантының өсіп кемеліне келген кезінде. Тамаша жазушы әлі де совет адамдарының ұлы істерін бейнелейтін құнды еңбектер бермек.

Ә. Дербисалин.

Филология ғылымының кандидаты.



*Шұғысқан
республикаларда*

**С О В Е Т Т І К
А З Е Р Б А Й Ж А Н**



Кәне, жас достар, Алматыдан Бакуге шейін саяқат жасап көрейік. Советтік Азербайжан жерін, оның байлығын, республиканың астанасы — Баку қаласын көз алдымыздан өткізейік.

Азербайжан жерінің байлығын айтқанда, алдымен ауызға Бакудың мұнайы түседі. Советтік Азербайжан — Совет Одағындағы мұнай өндірісінің негізгі базасы болып табылады. Баку — мұнай қаласы.

Совет өкіметі жылдары Азербайжанда мұнай өндірісін техникамен жабдықтау жұмысы кең жүргізілді. Қазір тек құрғақтан ғана емес, мұнай теңіз түбінен де алынады.

Каспийдің жиегінде тұрып теңіздің бетіне қарай көз салсаңыз, көз ұшында оттар жылтырайды. Бұлар — теңіз түбіндегі байлықты алып жатқач мұнай мұнараларының оттары. Теңіз бетіндегі мұнай мұнаралары жағадан жүздеген километр алысқа кетеді. Каспийдің асау суы буырқанып, мұнайшыларды қорқытып та қояды. Бірақ, ержүрек совет адамдары тентек теңіздің мінезіне үйренген. Теңіз бетінде жүріп олар өз үйіндегідей сезінеді.

Совет Одағы — теңіз түбіндегі мұнайды алуға алғаш кіріскен ел.

Өткен ғасырдың бас кезінде Қасымбек деген Бакудың бір тұрғын адамы теңіз түбіндегі мұнайды алуға талаптанады. Ол жағадан он метрдей жердегі су астынан екі құдық қаздырады... Құдықтың ағаш қорғаны

теңіз бетіне көтеріледі. Құдық ішіндегі суды тазартып, Қасымбек бірнеше шелек мұнай алады. Ол бұл жұмысын екінші күні де қайталайды. Үшінші күні асау теңіз Қасымбек құдығының ағаш қорғанын жұлып әкетеді де құдықты су басып қалады.

Революцияға дейін теңіз түбінен мұнай алу жұмысын Баку мұнайшылары батыл жүргізе алмады. Оған тентек теңіз суы бой бермеді. Ол кездегі жұмысшыларда теңіз долылығына қарсы күресетін техника да, күш те болмады.

Азербайжанның совет халықтары семьясына кіруімен байланысты, теңіз түбінен мұнай өндіру ісі қайта қолға алынды. Азербайжан коммунистерін ол кезде Сергей Миронович Киров басқарды. Кировтың инициативасымен 1925 жылы Каспийге қайта шабуыл жасалды.

Апшерон түбегінде Ильичтің атымен аталатын бір қойнау бар. Сергей Миронович Кировтың бастауымен Баку мұнайшылары теңізге шабуылды осы тұстан бастады. Сулы қойнау құрғатылды да, жұмысшылар іске кірісті. Асау теңіз оларға көнбей, жағаны соғып жатты. Кейде су жұмысшылардың жұмыс істеп жатқан жеріне дейін келіп кайтып жүрді. Бірақ Баку мұнайшылары табиғат долысынан қаймыққан жоқ, оны жеңді.

Қолдан құрғатылған жерден алғаш рет мұнай алынды. Оған осы күнгі совет озат

мұнайшыларының бірі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Ага Нейматулла қатысты.

Азербайжанда мұнай тек Бакуде ғана өндірілмейді. Мұнай шығатын жерлер қазір республикада көптеп ашылуда. Революциядан бұрын өндіріс иелері өзара таласып, ескі өндіріс жаңа өндірістің ашылуына көмектесе білмейтін, қайта оны жауып, жаңа өндірісті тұншықтыруға әрекеттенетін. Қазір олай емес, социалистік Баку жаңа өндіріс орталықтарын — жаңа қалаларды ашуға көмектеседі.


Мұнай өндірісімен бірге совет өкіметі жылдарында Азербайжанда машина жасау, химия, тоқыма өнеркәсіптері де кең өркендеді.

Мақта өсіру жағынан Азербайжан бүкіл одақта екінші орын алады. Қазір онда мақта жыл сайын мол егіліп, оның өнімділігі артып келеді. Егін даласында мақта жыйнайтын машина жұмыс істейді.

Республикада қазір 554 колхоз мақта өсірумен шұғылданады. Мақта МТС-тары 1954 жылы 61 ге (1946 жылы 42 МТС болатын) жетті. Азербайжанда мақта Кура — Аракса ойпатына көп егіледі. Бұл жер мақта өнімі жағынан республикада бірінші орынға ие. Екінші орында Кировабад пен Қазақ аудандары тобы (республиканың батыс жағы, Евлах ауданынан Грузия шекарасына дейін), үшінші орынды Нахичеван АССР-ы алады.

Азербайжанда мақтадан кейінгі орынды алатын техникалық егіс — темекі болып саналады. Сары темекінің өнімділігі жағынан Азербайжан Совет Одағында бірінші орын алады.

1934 жылы Ленкорань ауданында алғаш рет шай плантациясының негізі салынып еді. Қазір Азербайжанда шай көп өседі. Республиканың шай өсірушілері күтімді ерекше



Азербайжан ССР-ның Үкімет үйі.

қажет ететін бұл дақылды өсіруге үйреніп алды. Шай плантацияларын желден сақтау үшін орманды алқаптар орнатылды. Шай егілетін жерлер тыңайтылып, оны күту мұқият жүргізіледі.

Ленкорань ауданындағы «Правда» колхозы шай өсірудегі үздік табыстары үшін 1954 жылы ашылған Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесіне қатысты. Колхоздың шай өнімі жылдан-жылға артуда. 1952 жыл бұл колхоз гектарынан орта есеппен 1700 кг. шай жыйнаса, 1953 жылы 1954 кг. шай алған. Сулы жерлерде гектарынан 3500 килограмға дейін шай жыйналады.

Азербайжан табиғаты әртүрлі. Бір жері биік тау болып келіп, басында үнемі қар жатса, екінші жерінде жылы тропикалық жаңбыр жауады, онда цитрус өсімдіктері мен шай өседі.

Азербайжан жері баққа бай. Республикада 52 мың гектардан астам жерге жеміс өседі.


Азербайжан — мал шаруашылығы да мол өркендеген республика. Азербайжан ғалымдарының колхоз малшылары, мал мамандарымен біріге отырып өсірген жаңа тұқымды қойы — Азербайжан тау мериносын білмейтіндер тіпті аз. Тау мериносы тұқымы — Бүкілодақтық Ауылшаруашылық көрмесіне қойылған.

Азербайжан ауыл шаруашылығының өскен бір саласы — жібек шаруашылығы. Жібек шаруашылығымен бұл республикада тоғыз жүздей колхоз шұғылданады.

Өткен жылы Азербайжанда еліміздегі атақты су электр станцияларының бірі — Мингечаур СЭС-і іске қосылды. Кура өзенінің суы бөгеліп, Мингечаур теңізі жасалды.

«Кюр» азербайжан тілінде «тентек» деген сөз екен. Суы мол долы өзен халыққа өзін еріксіз тентек ататтырған тәрізді. Бүкіл республиканы батыстан шығысқа қарай жара ағып жатқан өзен суы жазғытұры және күзде 4-5 метрдей жоғары көтеріліп тасып, айналадағының бәрін судың астында қалдырады. Үйлерді су ағызып әкетіп, көпірлер бұзылады. Ормандар мен шалғындық жерлер суға кенеледі. Ал, жазда және қыста өзен суы лайланып баяу ағады.

Кураның тентек мінезінен халық көп жыл зыян шеккен. Бірақ, оған қарсы күресіп, мол суды игілікке жарата алмаған. Өзен суы тасып, елді пункттарды басып қалып жүргенде, Кура ойпаты сыяқты құнарлы жерлер



Мингечаур теңізі.

сусыз пайдалануға жарамай шөліккеп жататын.

Кура өзенінің мол суын бөгеу туралы ой Ұлы Отан соғысынан кейін туды. Қазір онда үлкен су бөгеті, қуатты СЭС салынды, қолдан теңіз жасалды. Енді Кура суы өз маңындағы жерлер түгіл, Боз-Даг жотасын баса отырып, Каспий жағалауындағы жазыққа жетеді. Жаңа канал миллионнан астам гектар тың жерді суландырады, тіршіліксіз далаға қайтадан жан кіреді.

Азербайжан — мәдениеті ерте өркендеген, тарихы бай республика. Осы маңда, бұрын Азербайжан таулары арқылы Европа мен Азияны қатыстыратын жол болған.

Халықтық архитектура стилімен салынған Низамидың мавзолейі қандай тамаша десеңізші! Қазір ол тіпті көріктеніп кеткен. Бұдан сегіз жүз жыл бұрын халық басқарып, барлық ел тең праволы болатын мемлекетті аңсаған, халық азаттығын өз шығармаларына арқау еткен, феодалдар мен хан сарайы маңындағыларды аяусыз шенеген ұлы ақынды еске түсіріп, отандастары қазір оның мавзолейіне әр түсті гүлдер апарып қойған.

Қазіргі Азербайжан — Низами аңсаған бақытты ел, бостандыққа қолы жеткен республика. Онда Низами атында көшелер, колхоздар, мектептер, музейлер бар.

Ұлы Октябрь Социалистік революциясынан кейін Азербайжан мәдениеті еркін жанжақты өркендеді. Ескі Азербайжанның халқы шетінен сауатсыз болса, қазір республикада жаппай жетіжылдық білім алу ісі жүзеге асырылды.

Республикада Ғылым Академиясы бар. Онда сексеннен астам ғылыми мекемелер, институттар жұмыс істейді. Мындаған кітапханалар мен клубтар, жыйырмаға тарта музей ашылған.

Азербайжан әдебиеті мен искусствосы советтік жаңа республика мәдениетін өркендетудің алдыңғы қатарында келеді. Ұлттық опера искусствосының негізін салушы композитор Узеир Гаджибековті бүкіл совет елі біледі. Оның «Кер-Оглы» операсы мен «Аршин мал алан» музыкалық пьесасы көптеген туысқан республикалар театрларында қойылды. Азербайжан ақыны, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Самед Вургунның шығармаларын бүкіл совет елі оқыйды. Азербайжан жазушылары мен ақындары өз шығармаларында республиканың бай табиғатын, совет адамдарының ерлік еңбегін жырлайды. Сондықтан да, олардың кітаптары әрбір совет азаматының жүрегіне жылы тиеді, жанына жақын тұрады.

Республиканың астанасы Баку — бүгін тіпті жаңа, тіптен салтанатты. Ол адам танығысыз өзгерген. Революциядан бұрынғы Баку — лас, көңілсіз, сәнсіз қала еді. Оның кейбір орталық көшелерінде ғана фонарь болатын. Қала мәңгі шаңға көміліп, күн жауса, батпақ аяқ алғызып жүргізбейтін. Әсіресе, мұнайшылар тұратын Қара қалатым жүдеу еді. Ал, қазір Қара қала тіпті өзгеріп кеткен. Көшелері асфальтталып, онда жаңадан көптеген биік үйлер салынған. Мектеп, аурухана, клуб көбейген.

«Тек совет өкіметі ғана озат техникамен жабдықталған орасан үлкен өндіріс орталығы — Бакуды өз дәрежесіне көтерді, оны біздің елімізде салтанат құрған пролетариат диктатурасының сенімді тірегі етті. Пролетарлық Баку — Азербайжанның ұлттық қайта тууының негізі болды». (В. Молотов).

С. Смаилов.

Қадыр Мырзалиев.

ТӨЛЕП ПЕН МЫСЫҒЫ

Былай қалып іс бәрі —
Оқу жайлы ойланған.
Қызықтырып қыс қары
Төлеп кеше ойнаған.
Бүгін ерте тұра алмай,
Сағат соғып сегізді.
Мектепке тез бара алмай,
«Кешіктім-ау!» — дегізді.
Мысығы оған қарайды,
Жайды аңғарып қалғандай,
«Менен де соң тұрдын! — деп,
Әжуалағандай.



КІРПІ

Қызығын сонда білесін,
Кірпіге тек көр тиіп!
Тікірейтіп инесін,
Жата қалсын үрпий.
Жыйындарда сынасақ
Түзелуін сұрасақ,
Тұрады біздің Кәрімнің
Сол кірпіге түрі ұсап.



ӘДЕП

Кішкене қыз ортада,
Бөлмесінде өзінің
Ойнайды, өлең айтады,
Қызық көріп өз үнін.
Былай қойып бір кезде
Қуыршағын, «бесігін».
Ашты барып лезде
Ағасының есігін.
Көріп бірақ ағасын,
Сабақ оқып бітпеген.
«Алмайын, — деп, —
мазасын!» —
Жапты есікті еппенен.

ДЕМЕЙ МЕ?

Күнде жатар алдында:
«Сабағың даяр болды ма?
Бүгін баға алдың ба?
Есебің шықпай қалды ма?..» —
Інісінен мұқият,
Деп сұрайтын ағасы.
Болса «үштік» бағасы:
«Бұл жалқаулық, бұл ұят.
Баға деп не ең керемет,
«Үштік» деген немене?!
Әйтеуір бір әрекет.
Одан білім өне ме?!»
Сол «ақылшы» ағаның
Көріп қалдым дәптерін.
Ылғи «үштік» бағамен,
Толтырыпты беттерін.
... Бір күндері, ақыры,
Оны інісі білмей ме?
«Маған айтқан ақылды,
Өзіңе де айт!» — демей ме?



ЖАСАУ МЕН БҮЛІНУ

Серіктің добы кішкене,
Секіріп қолдан ұстаған
Столға барып түсті де,
Быт-шыт болды стакан.
Мұндай істі қашан да,
Апасы жақсы көрмейді.
«Ұқсатқанын осы ма?»
Десе, қазір, не дейді?..
Айтар дәлел, жоқ орай,
Сынығын тұр қолына ап..
Бүліне қалды оп-оңай,
Жасауы қандай қыйын-ақ!

ӨЛЕҢТІМ

Көптен көрмей, Өлеңтім,
Келген едім жағаңа.
Таңырқамай көрер кім,
Көркейіпсің жаңара.
Бірде үзіліп, бірде ағып,
Жатушы едің жыл бойы.
Енді арнаңнан ырғалып,
Қуалапсың жылға, ойды.
Қағытсың да гүрілдей,
Қуаң жердің қақпасын.
Аралапсың ерінбей,
Колхоздардың бақшасын.

САЛЮТ ОТТАРЫ

Қанатты оттар қызыл, жасыл
Көкке тіке шаншылды.
Жарқ-жұрқ етіп моншақ асыл,
Самсап жерге шашылды.
— Салют!
— Салют!

Алақайлап,
Бала біткен шулайды.
Жеңіс күнгі тойын тойлап,
Көшеге жұрт сыймайды..
Бұл салюттың оты алғаш
Сталинград жанында
Жағылғанын

Жеткіншек жақ
Тұтса болды жадында!..

М. Әлімбаев.

ЖОЛАУШЫ - ҚУЫРШАҚ ПЕН ОЙЫНШЫҚ КЕМЕ

Қолында қуыршақ,
Сөйлеп тұр Құралай:
— Алыс қой арғы жақ,
Өтеді бұл қалай?
Ойланар Болат па,
Тапты амал бұған да:
— Сол да сөз болып па,
Кемеміз тұрғанда!..
Қаракөк ажарлы
Ойыншық кеменің
Гудогі білдірді:
«Жолға шық!» дегенін.
Чемодан көтерген
Бәлсініп қуыршақ —
Қыйырға кететін
Кісіге тұр ұқсап.
Желбіреп жалауы,
Кеме де қозғалды.
Бетінде ағынның
Көк лента жол қалды.
Құралай қол соқты,
Сол сәтте уралап.
Бастығы зор порттын
Тәрізді тұр Болат!

Т. Исмаилов.

ҚАР МЕН КҮН

Бір күні қалың қар жауып,
«Күшімді, — депті, — қарашы!
Астымда жатыр тапталып,
Көрінбей жердің қарасы —
Соңымнан келер суық қыс,
Бораным тағы ыскырып.
Адамды да алып күш,
Қуамын үйге тықсырып.» —
Айтыпты сонда Күн шығып:
«Қалайша, қарым, тасасын,
Қызулансам, тұншығып
Сай-саламен қашасың.» —
Абыржып сасып, қар Күнге,
Жымындап қарай қалыпты.
Қонуға жерде аз күнге,
Рұқсат сұрап алыпты.

Н. Байсеркеев.

Балқаш ауданы.



ІСМЕР БАЛАЛАР



Н. П. Жукович ақсақал кешкіде серуендеуге сыртқа шықты. Ауланың орта тұсына жеткенде, оң жақ түкпірден балалардың дуылдаған дабырын естіді. Қолдарына күрек, таяқ ұстап бірнеше бала күбжендеп жатыр екен. Ауланың әжептәуір жерін тазартып тастапты.

- Сендер не істеп жатырсындар?
- Кітапхана жасаймыз,— деді бір бала.




Алғашында бұл сөзден Жукович балаға тән аңқаулықты аңғарып қалғандай болып еді, осы бір сөзден балалардың үлкен бір талабы жатқанын да іле аңғарды.

Бұл үй 24 пәтерлік үлкен комбинат болатын. Осы үйдің астында үй жабдықтарын және *обошь* сақтауға арналған, бірақ бос тұрған бір-екі бөлме бар-ды. Жуковичтың ойына сол түсті. Ол балаларды ертіп, соның біреуіне кірді. Бөлме қаңғырап бос тұр, іші қараңғы. Мұны көрген Вова Толмачев үйіне барып электр шамын алып келді. Сережа Решетников бұл кезде өз сарайында бос тұрған столды да әкеп үлгерген еді. Бөлме іші ілездің ішінде тазарып, шам жағылып, стол қойылып болашақ кітапхананың кейпіне келе қалды. Келесі күндері балалар өз үйлерінен кітаптар әкелді. Мұны көрген ата-аналардың бірі балалардың пайдалануына шкафын да берді. 7-класс оқушысы Темір Сегізбаев кітапты есепке алып, балаларға беріп отырды. Сөйтіп, ауланың балалары алысқа бармай-ақ тілеген кітабын осы бөлмеден табатын болды. Балалар мұнымен де тынған жоқ. Екінші бір бос бөлмеге ағаш ұқсату және слесарлық үйірмелердің жұмысын ұйымдастырды. Қазір осы аулада тұратын 32 оқушының көбі стол, орындықтарды, құлыптар мен электр плиткаларын өздері жөндей алады. Аула ішіндегі ұзын орындықтарды жасаған да солар.

Сөйтіп, балалардың кішкентай талабынан үлкен істер жасалуда.

Бірінші сурет: Хасет Сегізбаева, Харкеш Қадырбаева, Динар Тәкежанова кітапханада кітаптарды жыйнап жатыр.

Екінші сурет: Равиль Исмаилов ағаш жонуды



әлі білмейді, міне оның ағасы Медаль оны інісіне үйретіп жатыр.

Үшінші сурет: Болат Салин, Вова Толмачев, Саша Савельев орындыққа керекті тақтайларды реттеуде.

Төртінші сурет: Аманкелді Әміреев пен Вова Толмачев балтаны да қайрай біледі.

Бесінші сурет: С. Решетников пен Т. Сегізбаевтың есіктің құлпын жөндеген кезі.

Алтыншы сурет: Бәбектер Х. Сегізбаеваның оқыған ертегісін тыңдап отыр.

Жетінші сурет: Б. Исмаилов жолдастарына араны дұрыс ұстауды үйретті.

П. Редько.



МАЙ

Май айы — бүкіл жыл бойында табиғаттың құлпырып гүлденетін ең сұлу кезі.

Май — бау-бақшаның, далалардың, орман-тоғайдың қаулап шешек ататын айы. Май айындағы орманда өсетін ландыш, мойыл, майник, грушанка, любка — бәрі де кілең ақ гүлдер. Мұның себебі неде?

Оның себебі бар. Бұл — табиғат талабынан туған. Салалы жапырақты ағаштың саясы түкпірінде өскен ақ гүлді насекомдар алыстан көреді. Ақ гүлдердің бәрі де — хош иісті гүлдер. Ал, өсімдіктерді тозандандыратын насекомдар хош иісті гүлге өте құмар келеді.

Май айында орман мен дала да, қалың қамыс пен бау-бақша қыйқулаған көңілді құс үнімен жаңғырығып жатады. Апрель айында орта бойлықты мекендейтін құстар түгелдей қайтып келсе, ал майда ең көш қайтатын шәукілдек, бөдене, сутартар, сасық көкек, қарлығаштар да келіп үлгіреді. Құстар ұя салады, балапандарын өрбітіп шығарады.

Шылдардың кейбіреулері қалың бутаның арасында ұя салып, жұмыртқалап жатса, кейбіреулері балапандарын шығарып та үлгереді. Қара жолағы бар үлпілдек мамық жүнді балапандар жұмыртқадан шығысымен, үсті-басы кеуіп, ұшуға талпынады.

Су жағасындағы індерде, төбешік үстіндегі үйшіктерде бұл айда құндыздар күшіктейді. Үрпек жүнді құндыз күшіктері, туғаннан кейін бірнеше күннен соң көзін ашады.

Біздің Отанымызда бағалы, пайдалы аңдарды қыруға тыйым салынған. Бұрынғы кезде жұрт көп қырған, бертін келе тек



Сибирь жерінде ғана сақталған құндыздар қазірде Россияның европа өзендері суларына да жіберіліп, өсіріліп келеді. Қазірде құндыз Воронеж және Калинин облыстарында да, Белоруссияда тіпті сонау Поляр шеңберінің арғы бетіндегі Коль жарты аралында да өседі. Совет адамдары ормандардың, таулардың, далалардың аңдарын қорғап қана қоймайды, сонымен бірге бұрын аң болмаған жерлерге де оларды әксіп өсіріп көбейтіп келеді. Жүні күміске жылтыраған бағалы аң нутрий шетелдерден әкелініп еді, ол енді жылы Қолхидада ғана емес, сонау Обь пен Ертіс өзендерінің батпақты жағаларында да өсіріле бастады.

Біздің халқымыз жаңа ормандар егу арқылы жануарлар дүниесіне де өзгерістер енгізуде: пайдалы аңдарды көбейтіп, зияндыларын құртып келеді. Мысалы, емен орманына сарышұнақ үлкен кесел келтіреді. Орман алқаптарын қапталдай жайлап алып, жүздеген мың сарышұнақтар, әлі өсіп үлгірмеген көк өрім шыбықтарды жеп қояды. Зоологтар сарышұнақтарға қарсы күрестің жаңа әдісін тапты: сасықкүзен — сарышұнақтың жауы. Сондықтан, сарышұнақ көп жерге сасықкүзен жіберіледі. Ол тез көбейеді: ол бір балалағанда оннан он сегізге дейін күшік табады. Обыр, жыртқыш, оңтайлы, әккі сасықкүзен бәрін жеп үлгірмесе де, көзіне көрінген сарышұнақты баудай қыра береді.


Сарышұнақ апрель айында жер бетіне шыққан кезде, зоологтар олардың көп жайылған ормандарын зерттеп анықтайды. Міне, осы жерлерге сасықкүзен қаптатады. Балалар, сендер, сарышұнақтарды қырып ормандарды қорғауға көп көмек тигізе аласыңдар. Бұл үшін қақпанмен сарышұнақ қыруға шығыңдар.

Май айында күн, декабрьдегімен салыстырғанда, екі есе ұзарады. Күн кешеу батқанымен де, жұлдызды көк әлемін бақылауға түн қараңғылығы бұл кезде жеткілікті болады.

Латынның W әрпіне ұқсайтын Кассиопея жұлдыздар шоғырын түнде іздеп табыңдар. Сағат кешкі 10 шамасында Кассиопея Темірқазық жұлдызының оңтүстігінде тұрады, ал Кассиопеяның жоғарғы жағынан Цефей жұлдыздар шоғыры көрінеді. (Суретті қара).

Цефей жұлдыздар шоғыры көзге тез түспейді, оның жұлдыздары оншама жарқырмайды. Сол елеусіз жұлдыздардың ішінде гректің б (дельта) деген әрпімен белгіленетін бір жұлдыз бар. Бұл жұлдыз астрономияда үлкен орын алады. Дельтаға ұқсас жұлдыздардың көмегімен біздің Галактиканың ең алыс жұлдыздарына дейінгі қашықтықты өлшеуге мүмкіндік туды.

Балалар, табиғатқа бақылау жасап, өздерің тұрған ауданның ауа-райы, өсімдіктер мен жануарлары дүниесіндегі ерекшеліктер жөнінде мәліметтер жыйнаңдар. Мұндай бақылаудың өскенде сендерге көп пайдасы тиеді.



ОБАЛЫ ӨЗІНЕ

Айдалада бір орман болады. Танауы жырық, құлағы шұнақ, артқы аяғынан сылтып басатын кара аю осында өмір сүреді. Орманда мұны білмейтін аң болмайды. Бәрі біледі, шетінен қорқады. Бетіне жан келмейтін айбатты да қаһарлы боп өседі ол. Жасында күші мол, адуын аю бертін келе қартайып қуаты қайтады. Жағы қаусап тісі түседі, тіршілік енді қыйынға айналады.

Ежелгі дос атаулы — «жұлып кел», «қуып кел», «жалмап кел» біртіндеп бойын аулақтатып, өзді-өзі жөнін табады. «Достан» жұтап әлі кеткен кәрі аюдың күнелтуі қыйынға соғады. Аштықтан әлсіреп, қолбаң денесін әзер сүйреген қарт аю саялы зәулім теректің түбіне шойнандап жатады. Көлеңке мол, күн жылы, орман тыныш. Жапырақ тербеткен жел де жоқ. Әйтсе де, әлдене алқымынан алып, қысып сығымдап барады. «Кешегі «дос», «қыймастар» қайда? Неге көрінбейді көзге?». Өстіп жатып, көзі ілініп ұйқыға шомады.

Ояна келсе, өзгермеген байырғы сол өмір. Әйткенмен, аздап тынығайын депті. Әлден уақыт ауыр күрсінген аю: «қой, мен бүйтіп босқа сенделіп отырмайын, тамақ іздейін,» — деп жолға шығады. «Мені бұл өңірде білмейтін аң жоқ. Солай аяндайын. Жолым түсіп даңқыма жығылған аңқаулар жолықса, қайырымын жасар. Бәлкім, тамағым тойып, қайтқан күшім қайта оралар да».

Үміт сүйреп алға жүреді. Күн жүріп, түн қатып ертеңінде орманның жиегіне шығады. Ғажап! Алды көк майса. Төбеде жарық күн. Маңай гүлге оранған жазық. Көз ұшында бұлдыр-бұлдыр

көксеңгір таулар көрінеді. Ауа қандай! Иісі қош, тынысы кең. Жол бойы — иіліп сәлем берген қалың балауса желен.

Сәл әрірек жорғалап дуадақ, секеңдеп қоян, алаңсыз жайылып ақ бөкен жүреді. Аңқау аю аштығын ұмытып, тегін тамақ, шексіз байлыққа мольнан жолықтым деп ойлайды ішінен, балауса балды қор еткен мазасыз ызылдағыш араға қатты ызаланады. Алдымен соны жазаламақ болады.

Аттам жерде араға қарай апарар жол жатады. Аю оған айналыс жолмен бармай, төте тұстан шалғынға кеп түседі. Жолындағыны жапыра-жапыра алға жылжыйды. Көзі алда. Ойы тез жетпек. Араны жоймақ, балға тоймақ. Кенет алдынан бір үйір ара шығады.

— О, аю батыр, қайда барасың?

— Онда сендердің жұмысын болмасын! — деп, озбыр аю алға ұмтыла тап береді. Жан деп қалың араны көзіне де ілмейді. Қарманып аралар қалмайды. Әр сүйем панасы үшін жанын сап қарсы тұрады. Көмек сұрап көрші араларға сарыбас ақсақал араны жөнелтеді. Арадағы сайыс қатты қырғынға айналған... Төпеленген тентек аю ойысып кейін қашады. Аралар қуады. Ашынған аралар сотқар аюды өкшелеп отырып баяғы өзі

аттанған мекені — кара орманға әкеп тығады. Кіре берістегі ағаштың ашасында отырған басқа бір аюдың баласы анасына бұрылып:

— Шұнақты кара, — дейді.

— Обалы өзіне, — депті анасы орнынан да қозғалмай.

ТАТАР ЖҰМБАҚТАРЫ

1. Өзі жүреді, ізі жоқ, Мандайында көзі жоқ.
2. Біреу сөйлейді, Екеу тыңдайды.
3. Жанды жансызды қыйнайды, Жансыз бақырып жылайды.
4. Құлағы бар, басы жоқ.
5. Төрт келінге бір шәлі.
6. Бір елеуіш тарым бар, Көтере алсаң — бәрін ал.
7. Аузы біреу, тілі екеу, жаны жоқ, Сөйлейтұғын сөздерінің саны жоқ.

Б. Баянбаев.



Пионердің ерлігі

Декабрь айының бас кезі еді. Нұра совхозының орталығы Кеңжарық селосымен жарыса ағатын Құланөтпес өзенінің кейбір жері қатып, кейбір жері қатпаған.

Демалыс күні балалар осы өзеннің арғы жақ қабағынан шаңғы, шана теуіп ойнайтын.

Дәл бүгін де ойнауға көп балалар жыйналған. Көпшілік балалар өзен жағалап кетті, ал үш кішкентай бала мұздың үстінде ойнап қала берді. Қалған үш баланың екеуі жетіжылдық мектептің екінші класс оқушысы пионер Рот Томас, Коля және алты жасар Вова Бердник еді.

Көп балалар ұзап кеткенде алты жасар Вова сырғанақ теуіп жүріп, байқаусызда жылымға түсіп кетті. Енді не істеу керек екенін білмей, Коля сасайын деді, су терең, барайын десе өзіне хауіпті.

Бірақ, Томас Рот саспады. Ол Коляны Вованың әке-шешесіне жіберіп, өзі қалайда оны құтқарудың амалына кірісті. Дереву мұздың қатқан шетімен еңбектеп барып, қалындағы шаңғысының таяғын Воваға ұсынды.

Вова бір қолымен мұздың қатқан жерінен, бір қолымен таяқтан ұстады. Томас өзіне қарай тартып, Вованы судан мұздың үстіне алып шықты да, жылы киімге орап үйге алып келді...

Келісімен жылы пештің үстіне отырғызып, құрғақ киім кигізді. Аздан соң Вованың әкесі мен шешесі келіп, Томасқа алғыс айтып, баласын үйіне ертіп әкетті.

Есіркеп Тәжин.

Нұра ауданы, Нұра совхозы жетіжылдық мектеп. (Қарағанды облысы)



Пакет

Біз сабақты бітіріп, үйге қайтып келе жаттық. Кенет, алдымызда бір пакет жатқанын көрдік. Қолымызға алсақ, колхозшы Ділда Шойбекованың Аудандық Әлеуметтік Қамсыздандыру бөліміне жолдаған хаты екен. Не істеу керек? Иесін іздеу керек пе, яки почтаға апару керек пе? Біз аңырып қалдық.

Сол кезде ектіге басып отряд советінің председателі Қырғызалы Шаймолдаев келді.

— Не ойлайтыны бар,— деді ол,— маркасын алып, хатты жыртып тастау керек.

Пионер Туқан Сүгірәлиев оған дүрсе қоя берді.

— Бұл сенің пионерлерге көрсеткен үлгің бе? Оның болмайтын шығар...

Желкесін бір қасып, үндей алмай, председателіміз қайқая берді.

Біз көп ойланып тұрмадық. Хатты почтаға салуға келістік те, Туқан екеуіміз сонда тарттық.

Кейін Ділда жеңгейге жолықтық. Хатты тауып алғанымызды, оны почтаға салғанымызды айтып едік, Ділда жеңгей алғыс айтып, қатты қуанды.

Ж. Тайсүгіров.

Қараконьз орта мектебінің оқушысы Қаранемер селосы. Қордай ауданы. (Жамбыл облысы)



Мұқабаның бірінші бетінде Н. Лебедевтің «Емтихан», 4-бетінде Н. Синюковтың «Жорыққа дайындалу» атты суреттері.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С., (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 21/IV 55 г. УГ02517. Бум. 84×108 1/16—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 24.100.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 636.



Белалыс УАҚЫТЫНДА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылғы 3-номеріндегі түрлі жұмбақтардың шешулері:

«РЕБУСТАР»

Біріншісі: «Егер ісім өнсін десең, ретін тап»
Екіншісі: «Отпен ойнама, күйесің».

«ЖҰМБАҚ»

Айна.

КРОССВОРД

Көлденеңінен:

1. Көк. 5. Шымкент. 8. Домна. 10. Роман. 12. Арман. 14. Куба. 15. Рига. 16. Барыс. 18. Ойпат. 19. Майор. 21. Шығанақ. 22. Ара.

Тігінен:

2. Өлке. 4. Анион. 6. Комбайн. 7. Нахимов. 9. Арбат. 10. Рақым. 11. Ока. 13. Жаз. 16. «Бакыт». 17. Саман. 20. Лавр.

«ҚАНДАЙ МАҚАЛ?»

«Жауға жалынба, досқа тарылма»

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

М. Тастанбекова (Ақмола), К. Тәнекенов (Бөрлітөбе ауданы)

М. Имашов (Жарма ауданы), К. Сырғабаяев (Нарынқол ауданы).

КРОССВОРД

Көлденеңінен:


7. Ұзындық өлшеу. 8. «Жас гвардия» романының геройы. 9. Ауылшаруашылық машинасы. 10. Тургеновтың әңгімесі. 11. Әдемі құс. 12. Элементтердің ең ұсақ бөлшегі. 15. Түйе. 17. Тапқыр. 18. Творчество. 19. Шахмат фигурасы.

Тігінен:

1. Жасқану. 3. Эстониядағы қала. 5. Қазақтың халық батыры. 6. Азамат соғысының батыры. 8. физкультура. 10. Мекеме. 13. Әншінің дауысының түрі. 14. Қозы. 15. Пионерлер лагері. 16. Сүттен әзірленген тамақ.

Ш. Жолжақсына.

Қайнар селосы.



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

*** 1954 жылы Отанымыздың егіс далаларында 1 миллионнан астам 15 аттық күші бар трактор, 350 мыңнан астам астық комбайны, 10 мыңдай картоп жыйнайтын комбайндар, 11 мың қызылша жыйнайтын комбайн жұмыс істеді.

*** 1 тонна бидайдан 800 килограмм ұн, 20 килограмм манка жармасы, қалдығынан 180 килограмм мал азығы; немесе 630 килограмм полтава жармасы; қалдығынан 370 килограмм мал азығы; болмаса 600 килограмм крахмал, қалдығынан 400 килограмм мал азығы алынады.

*** Сол бидайдан шыққан мал азығымен сыйырды жемдегенде әрбір 100 килограмм мал азығынан 70 литр сүт немесе 7,5 килограмм ет алуға болады, ал тауықты жемдегенде 100 килограмм мал азығынан 300 жұмыртқа алуға болады.

*** 1 гектарға егілген жүгерімен (гектардан 500 центнерлік өнім берген көк өсімдік қалпында) сыйырды жемдегенде 800 килограмм сары май немесе 20000 килограмм сүт, ал шошқаларды семірткенде 1500 килограмм тоңмай алуға болады.

*** Күнбағыстың көп таралған сорттарының дәнінде 40 проценттей май бар. Армавирлік 3497 сыяқты жаңадан шығарылған күнбағыс сортының дәні 45-47 проценттей май береді. Ал күнбағыстың сабағы мен қалпағынан химия өнеркәсібіне қажетті сақар, ал қаузынан қағаз, жасанды жібек шығарылады. Дәнінен май ағызғанда күнбағыс 30 процент қалдық береді, бұл өте құнарлы мал азығы болып саналады.

*** «Қараваево» совхозындағы кострома тұқымдас «Послушница II» және «Гроза» деген сыйырлар бір жылда әрқайсысы 16 мың килограмнан сүт берген.

*** 1954 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде біздің елімізде өндіріліп жүрген 260 ауылшаруашылық өсімдіктерінің 1900 сорты егіліп өсірілді.

БАҒАСЫ 1 сом.

1 ПИОНЕР
ПР. ЛЕНИНА 11
ГОС. ПУБ. БИО. КЕ
2 1.12 2

